



ҒҰМАР

Жәнібек аудандық қоғамдық-саяси газеті

www.instagram.com/zhaikpress
<https://zhaikpress.kz>

www.facebook.com/shugula.zhanibek
e.mail.ru/shugulazhanibek@mail.ru

Газет 1935
жылдан
шыға бастады

ЕЛІ



№9 (8549)
26 ақпан 2026 жыл

Өңір басшысы іссапармен ауданымызда



Облыс әкімі Нариман Төреғалиев іссапармен Жәнібек ауданына арнайы келіп, бірқатар әлеуметтік маңызды нысандардың жұмысымен танысты. Сондай-ақ өңір басшысы облыс аумағында баламасы жоқ «EcoClub» ЖШС-ның тері өңдеу зауытының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты...

» 4-5

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важно голос каждого из нас!
ELECTION.GOV.KZ

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

КЕҢЕЙТІЛГЕН ЛЕЗДЕМЕДЕ ҮШ МӘСЕЛЕ



2-бет

ШЕКАРА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



3-бет

КЕҢЕЙТІЛГЕН ЛЕЗДЕМЕДЕ ҮШ МӘСЕЛЕ

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында ауылдық округ әкімдері, бөлім және мекеме басшыларының қатысуымен аудан әкімі Тимур Шиниязов төрағалық еткен кеңейтілген лездеме отырысы өтті. Күн тәртібінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты үш маңызды мәселе қаралды.

Жиын басталар алдында Тимур Серікұлы кадрлық өзгерістерге тоқталды. Аудан әкімінің 2026 жылғы №22 өкімімен аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы болып Асылбек Қамашев тағайындалды. Аудан басшысы жаңа басшыға зор сенім білдіре отырып, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Жәнібек ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Таумұрат Ғұсманов атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер және салық заңнамасындағы өзгерістер туралы баяндалды.

Екінші мәселе – 2026 жылға мерзімді әскери қызметке шақыру науқанының барысы. Бұл бағытта Жәнібек аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы Райымбек Таубаев атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, жоспарлы көрсеткіштердің орындалу барысына тоқталды.

Жиын барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жарлығымен бекітілген қағидаларға сәйкес бірқатар азаматтарға кезекті әскери атақтар табысталды. Запастағы аға лейтенант Тимур Шиниязовқа запастағы капитан, аудандық білім бөлімінің басшысы, запастағы аға лейтенант Асхат Молдағалиевке запастағы капитан, ал Талов Ауылдық округ әкімі, запастағы лейтенант Асқар Сәрсенғалиевке аға лейтенант әскери атақтары берілді.

Үшінші мәселе бойынша Борсы және Қамысты ауылдық округтерінің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері қаралды. Борсы ауылдық округінің әкімі Зинхар Бактығалиев пен Қамысты ауылдық округінің әкімі Оралбек Кенханов өз округтеріндегі



атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды баяндады.

Жиын соңында аудан әкімі қаралған мәселелер бойынша хаттамалық тапсырмалар берді.

Бірінші мәселе бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы мен ауылдық округ әкімдеріне Салық кодексіне енгізілген өзгерістерді тұрғындарға кеңінен түсіндіру, сондай-ақ жеке кәсіпкерлігін уақытша тоқтатқан азаматтармен тиісті жұмыстар жүргізу тапсырылды.

Екінші мәселе бойынша аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім мен ауыл әкімдеріне 2026 жылға мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізіп, белгіленген жоспарды толық орындау міндеттелді.

Үшінші мәселе аясында су тасқынының алдын алу шараларын күшейту, қысқы мал қыстату науқанын шығынсыз өткізу жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды.

Аудан әкімі берілген тапсырмалардың орындалуы аудан әкімдігінің қатаң бақылауында болатынын атап өтіп, қойылған міндеттердің сапалы әрі уақтылы орындалуына ауыл әкімдері мен мекеме басшыларының жеке жауапты екенін ескертті.

Элиза БОЛАТ

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

Аудандық ардагерлер үйінде «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жәнібек аудандық филиалының есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Маңызды жиынға аудан әкімінің орынбасары Жаннұр Ахметов, Батыс Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақсот Берген, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Уәлиев, ауылдық округтердің ардагерлер кеңесінің төрағалары, аналар және әжелер кеңесінің мүшелері, жастар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Конференцияны аудан әкімінің орынбасары Жаннұр Бекбауұлы ашып, ардагерлердің қоғам өміріндегі орны айрықша екенін атап өтті. Ол өз сөзінде аға буынның өнегесі өскелең ұрпақ үшін үлкен тәрбие мектебі екенін ерекше жеткізді. Жиында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жәнібек аудандық филиалының төрағасы Амангелді Мырзағалиұлы өткен кезеңде атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Ол жастарды тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді ұлықтау бағытында атқарылған істерге ерекше мән беріп, ақсақалдар қауымының еңбегін жоғары бағалады. Басқосу барысында аудандық ардагерлер ұйымының 2025 жылы атқарған жұмыстары туралы есеп тыңдалды. Ұйым тарапынан жүзеге асқан игі бастамалар, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу, жастармен өткен тәрбиелік кездесулер мен патриоттық бағыттағы іс-шаралар жан-жақты сараланды. Сонымен қатар алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалып, өзекті мәселелер ортаға салынды.

Жиын барысында Батыс Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы



Мақсот Қабышұлы аудандық ардагерлер үйінің кітап қорын толықтыру мақсатында арнайы ала келген кітаптарын тарту етті. Бұл игі іс ардагерлердің рухани дүниесін байытып қана қоймай, кейінгі ұрпаққа тағылымды мұра қалдыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланды. Конференция аясында мәдени бағдарлама ұсынылып, ардагерлерге арналған әсем әндер шырқалып, жүрекке жылы жырлар оқылды. «Ақниет» әжелер ансамблі мен өнерпаздардың әсерлі орындаулары жиынның мазмұнын байытып, ерекше рухани әсер сыйлады. Жиын соңында қатысушылар ардагерлердің қоғамдағы бірлік пен ұрпақтар сабақтастығын нығайтудағы рөлі қашанда маңызды екенін атап өтіп, конференция жұмысы қорытындыланды. Сонымен қатар күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасын қайта сайлау болды. Көпшілік дауысымен Амангелді Уәлиев аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қайта сайланып, алдағы уақытта да өз қызметін жалғастыратын болды.

Зарина ИСМАҒҰЛ

АРДАҚТЫ АНА ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Аудан әкімдігінде аудан әкімі Тимур Шиниязов ардақты ана Қанымзия Бурашеваны мерейлі 90 жасымен құттықтап, ғасырмен тең ғибратты ғұмырына құрмет көрсетті.

Қанымзия Бурашева – тұтас бір дәуірдің куәсі, еңбек пен аналықтың асыл өнегесін ұрпағына мирас еткен ардақты жан.

Қонақтарды қарсы алған сәтте-ақ Қанымзия апа алғаш табалдырықтан кірген бойда аудан әкімін көріп, қуаныштан көзіне жас алды. Бұл тоқсан жылдық ғұмырдың толқынысы мен көрсетілген құрметке деген шынайы ризашылықтың белгісі еді. Ақ жаулықты ананың жанарына үйірілген жас өткен өмірдің елесі мен бүгінгі қуаныштың тоғысқан сәтін аңғартты.

Салтанатты жүздесуде Тимур Серікұлы ақ жаулықты анаға ізгі тілегін арнап, оның өмір жолы жас ұрпаққа өнеге, елге адал қызмет етудің айқын үлгісі екенін атап өтті.

– Қанымзия апа, сіздің ғұмырыңыз – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Еңбекпен өрілген өмір жолыңыз, аналық мейіріміңіз бен төзіміңіз бүгінгі ұрпаққа үлгі. Сіздей ардақты аналарымыз аман болса, елдің де еңсесі биік. 90 жасыңыз құтты болсын, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін, – деді.

Ол мерейтой иесіне алғысхат табыстап, иығына шапан жауып, ақ орамал жапты.

Өз кезегінде Қанымзия Бурашева жүрекжарды лебізін білдіріп, өткен өмірі туралы өз естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ көрсетіліп жатқан құрметке ризашылығын білдіріп, ақ батасын арнады.

1936 жылы 20 ақпанда Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауылында дүниеге келген ол балалық шағын соғыстың ауыр жылдарымен қарсы алды. Ұлы Отан соғысының қасіретті кезеңінде әкесінен айырылып, ерте есейді. Соғыс өрті шарпыған шекара маңындағы ауылда өскен кішкентай



Қанымзияның жүрегінде сол жылдардың ызғары мәңгі сақталды.

Еңбек жолын жастайынан бастап, аудандық комсомол комитетінде, сауда саласында, кейін қаржы бөлімінде абыройлы қызмет атқарды. Целиноград қаржы-экономикалық техникумын тәмамдап, ұзақ жылдар бойы аудандық қаржы бөлімінде бас бухгалтер болып еңбек етті. Жауапкершілігі мен адалдығы оны әріптестері арасында ерекше құрметке бөледі.

Отбасында сегіз бала тәрбиелеп өсіріп, ұрпағына өнеге болған ана бүгінде 19 немере мен 36 шөберенің ардақты әжесі. Ерен еңбегі мен аналық ерлігі еленіп, 2010 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жарлығымен «Алтын алқа» медалмен, 2019 жылы Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Жарлығымен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл» мерейтойлық медалмен марапатталды.

Бану САМАТ

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Аудан әкімдігінде Жәнібек аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Мирболат Бисенов төрағалық етіп, комиссия мүшелері, жауапты сала басшылары мен мекеме өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде ауданның 2026 жылғы көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындығы мен қорғаныс инфрақұрылымдарының жай-күйі қаралды. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы Дәурен Сарсенов атқарылған жұмыстарды баяндап, дайындық барысын жан-жақты таныстырды. Қосымша баяндама жасаған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-лаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Рустам Аманғалиев биылғы 19 қаңтарда аудан әкімінің №5-Ө өкімі қабылданып, арнайы штаб құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілгенін атап өтті. Алдын алу және жою шараларына жергілікті бюджеттен 6 млн теңге қарастырылған.

Аудан аумағындағы 9 ауылдық округ пен 18 елді мекеннің алтауы су басу қаупі жоғары аймақ ретінде белгіленген. Атап айтқанда, Талов, Жаксыбай, Борсы, Қамысты, Тау және Жасқайрағ ауылдары бақылауда. Жаксыбай мен Талов ауылдарында 2022 жылы су тасқыны тіркелсе, Борсы ауылында табиғи су

ағатын арнаның қауіптілігі сақталуда.

Қазіргі таңда материалдық-техникалық база толық жасакталған. Дайындық қорында 47 автономды электр генераторы, 28 су сорғыш пен 1 тіркемелі мотопомпа, қосымша 4 мотопомпа, 1 «Буран» қармен жүретін көлік, 7000 қапшық және 20 тонна инертті материал бар. Сонымен қатар Starlink спутниктік байланыс жүйесіне, жанар-жағармай сақтайтын ыдыстарға, үш фазалы генератор мен рация байланыс құралдарына тапсырыс берілген.

Қауіп төнген жағдайда 25 бірлік арнайы техника мен 90 адамнан тұратын жеке құрам жұмылдырылады. 1 моторлы қайық дайындыққа қойылған. Қазіргі уақытта су өткізу құбырларын тазарту, қорғаныс бөгеттерін тексеру, эвакуациялық бағыттарды айқындау және қар шығару жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Су басу жағдайында тұрғындарды уақытша орналастыру үшін 18 әлеуметтік нысан дайындалған. Бұдан бөлек жеке кәсіпкерлермен 9 ниет келісімшарты жасалып, қосымша ресурстар тарту мүмкіндігі қарастырылған.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша нақты тапсырмалар беріліп, көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары тұрақты бақылауда болатынын атап өтілді.

Дәулет ГАЙНУЛЛИН



Аудан әкімдігінде мемлекеттік шекараны нығайту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында арнайы жиын өтті. Басқосуға Жәнібек шекара басқармасы өкілдері, аудан әкімінің орынбасары Жаннұр Ахметов, шекара аумағында орналасқан ауылдық округ әкімдері, аудандық полиция бөлімі мен аудандық электр торабының басшысы қатысты.

Жиында алғашқы болып сөз алған Ерғали Аймұрзаев мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз ету ел қауіпсіздігінің негізгі кепілі екенін атап өтті. Ол өз сөзінде:

– Бүгінгі жиналыстың басты мақсаты – мемлекеттік шекараны күзетуді күшейту, оның беріктігін сақтау арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Шекара – елдің тұтастығы мен тыныштығының тірегі, – деп атап өтті.

Соңғы уақытта Жәнібек ауданы бойынша Жақсыбай, Талов, Қамысты ауылдық округтері мен елді мекендерінде шекара арқылы өту жағдайлары жиілегені айтылды. Атап айтқанда, Қошанкөл бағытынан өту деректеріне байланысты Беспішен аумағына бақылау бекеті қойылған. Алғашында тұрғындар тарапынан түсінбеушілік болғанымен, қазіргі таңда халық бұл шараның ел қауіпсіздігі үшін маңызды екенін түсіністікпен қабылдап

отырғаны жеткізілді.

Жиын барысында шекара бекеттерін алдағы уақытта қай аумақтарға орналастыру мәселесі қарастырылып, тиісті орындармен келісу арқылы нақты бекітілетіні айтылды. Сонымен қатар тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, жалған ақпараттың алдын алу және заң талаптарын сақтау бағытында бірлескен іс-қимылды нығайту қажеттігі сөз болды.

Жиын соңында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Жаннұр Бекбауұлы шекара қауіпсіздігі баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.

– Мемлекеттік шекараны қорғау – тек шекарашылардың ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Ауыл әкімдері мен тиісті сала басшылары тұрғындармен тығыз байланыста болып, түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізуі қажет. Ел тыныштығы мен қауіпсіздігі ең басты құндылығымыз, – деді ол.

Жиын қорытындысында тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріліп, алдағы уақытта шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды үйлестіру және күшейту жөнінде келісім жасалды.

Бану САМАТ

«СТОП-СТАЛКИНГ» АЯСЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

Өткен аптада Жасқайрат ауылында «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы және «Стоп-сталкинг» республикалық акциясы аясында көшпелі отырыс ұйымдастырылды.

Көшпелі жиынға Жәнібек ауданы әкімінің орынбасары Жаннұр Ахметов, Жәнібек АІП бастығының бірінші орынбасары Жанболат Мұқашев, Жәнібек АІП ҚҚБ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы Жанайым Мұхтарова, «Отбасын қолдау орталығы» КММ психологі Арайлым Ахметова, «Жәнібек әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ғалия Елемесова және Жәнібек аудандық ауруханасының психологі Раушан Исанова қатысты.

Отырыстың негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылық пен сталкингтің алдын алу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және жәбірленушілерге жан-жақты қолдау көрсету. Шара барысында сталкинг ұғымы, оның қоғамға тигізетін кері әсері,



сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес қарастырылған жауапкершілік шаралары кенінен түсіндірілді.

Сонымен қатар әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, психологиялық көмек көрсету, отбасылық құндылықтарды нығайту бағытындағы жұмыстар талқыланды. Мамандар тұрғындардың сауалдарына жауап беріп, нақты құқықтық және психологиялық кеңестер ұсынды.

Көшпелі отырыс қорытындысында сала өкілдері бірлескен іс-қимылды күшейтіп, қоғамда зорлық-зомбылыққа қарсы нөлдік төзімділік қалыптастыру бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Мүслим ЖАСҰЛАН

БАТЫРЛЫҚТЫҢ БИІК ӨЛШЕМІ

Жәнібек аудандық мәдениет үйінде ел тыныштығы мен халық қауіпсіздігі жолында жанын пайда еткен Қазақстанның Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасовтың есімі мен ерлігі тағы бір мәрте ұлықталды.

Отанға адалдық пен азаматтық парызға беріктіктің биік үлгісін көрсеткен батырдың қаһармандығы – тек құқық қорғау саласы қызметкерлері үшін ғана емес, барша қазақ жұртшылығы үшін өшпес өнеге, мәңгілік тағылым. Оның есімі ел жадында ерлік пен өрліктің символына айналды.

Тағылымды жиын батыр рухына тағзым етуден басталып, бір минут үнсіздікпен жалғасты. Бұл халықтың қаһарман ұлына деген шексіз құрметінің айқын белгісі еді.

Шара барысында аудандық по-

лиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Мейрамхан Бапахов сөз алып, батыр есімінің ұлт жадында мәңгі сақталатынын атап өтті. Ол өз сөзінде:

– Ғазиз Байтасов – елге қызмет етудің, антына адал болудың, нағыз ер-азаматқа тән қайсарлықтың жарқын үлгісі. Оның ерлігі – бір сәттік батыл шешім емес, өмірлік ұстанымының айғағы. Біз үшін оның есімі – тек тарих емес, бүгінгі қызметіміздің темірқазығы. Осындай тағылымды шаралардың мақсаты – жас буынның жүрегіне отансүйгіштік рухын ұялату, әр қызметкерге өз міндетінің маңызын терең сезіндіру. Ерлік ұмытылмайды, ол ұрпақ санасында өмір сүреді, – деп атап өтті.

Ерлік туралы өрелі ойлардан



кейін жиылған қауым назарына батыр жайлы түсірілген «Капитан Байтасов» фильмі ұсынылды. Кинотуынды арқылы көрермендер қаһарманның азаматтық болмысы мен ерлік жолын тереңірек танып, оның тағдырына тағы бір мәрте үнілуге мүмкіндік алды.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі» екені ақиқат. Маңызы зор бұл шараға

Жәнібек аудандық полиция бөлімінің басшылығы бастаған ұжым түгелге жуық отбасыларымен қатысты. Бұл – қызмет жолында жүрген азаматтар мен азаматшалардың атқарып жүрген еңбегінің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін олардың жақындарына да тереңірек ұғындыруға бағытталған игі қадам болды.

Фильм аяқталған соң сала қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері алған әсерлерімен бөлісіп, толқыныстарын жасқа ұластырды. Мазмұнды шараның арқасында батыр рухына деген құрмет пен мақтаныш сезімі әр жүректе тағы бір мәрте жаңғырды.

Арай СЕЙФОЛЛА

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ӨТТІ



Аудан әкімдігінде мемлекеттік қызметшілердің әдеп талаптарын сақтау мәселесіне арналған кеңес отырысы өтті. Жиынды аудан әкімінің орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл Жаннұр Ахметов жүргізді.

Кеңеске округ әкімдері мен мекеме басшылары қатысты. Отырыста мемлекеттік қызметшілердің қызметтік тәртіпті сақтауы, қоғам алдындағы жауапкершілігі және әдеп нормаларын ұстануы жан-жақты талқыланды.

Жаннұр Бекбауұлы өз сөзінде қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдалануға жол берілмейтінін қағаз ескертті. Сондай-ақ қызметтік мүлікті тиімді әрі мақсатты пайда-

лану – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті екені атап өтілді.

Сонымен қатар отырыстарда және көпшілік ортада мемлекеттік қызметшінің өзін ұстау мәдениеті, сөйлеу әдебі, кәсіби этика талаптарын сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды.

Кеңес барысында мемлекеттік қызметтің беделін арттыру, халық сенімін нығайту және заң талаптарын бұлжытпай орындау бағытында нақты тапсырмалар берілді. Жиын қорытындысында қатысушыларға әдеп қағидаларын қағаз сақтау және жауапкершілікті күшейту жөнінде міндеттер жүктелді.

Дәулет ГАЙНУЛЛИН

«АРДАГЕР ҰСТАЗ – АҚЫЛДЫҢ КЕНІ»

Аудандық білім беру бөлімінің жоспарына сәйкес, Жәнібек ауылындағы Т.Жароков атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде мазмұны мол, тәрбиесі терең тағылымды шара сипатында ардагер ұстаздар кеңесінің есеп беру жиыны өтті. «Ардагер ұстаз – ақылдың кені» атты ардагер ұстаздар кеңесінің отырысы саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған асыл жандарға көрсетілген құрметтің жарқын көрінісіне айналды.

Жиынды аудандық білім беру бөлімінің басшысы Асхат Хамитұлы Молдағалиев ашып, ұстаздық жолдың қасиеті мен жауапкершілігін айрықша атап өтті. Ол өз сөзінде білім мен тәрбие берудегі ұстаздардың орны қашанда биік екенін тілге тиек етті. Ал ардагерлер кеңесінің төрайымы Сапашева Дина Ғаллемқызы өмірін білім саласына арнаған аға буынның еңбегін ерекше ілтипатпен еске алып, олардың өнегелі жолы жас ұрпаққа үлгі екенін жеткізді.

Кеңес барысында қоғам белсендісі, ардагер ұстаз Хаирлиева Гүлнара сөз алып, атқарылған жұмыстардың жылдық қорытындысын жасап, алдағы міндеттерге тоқталды. Бұл орайда аудандық білім беру бөлімінің бастауыш сыныптар бойынша әдіскері Кисекова Толқын Көшенқызының презентация жасаудағы еңбегін де атап өтпеске болмайды. Сонымен қатар әр өткізілген шараның басында өзі жүріп, жауапкершілікпен іс атқаратыны кейінгі жас мамандарға үлгі. Жиынның мазмұнын тереңдетіп түскен сәттердің бірі – шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Адамның мәңгі болмағы – оның ары мен елі үшін еткен еңбегінде» деген қанатты сөзі болды. Бұл ой – ұстаздық жолдың мәнін айқындайтын



өмірлік қағида іспетті. Жиын барысында маңызды сәттердің бірі орын алды. Ұстаз ардагерлер кеңесіне жетекшілік еткен Сапашева Дина Ғаллемқызы өз қызметін Хаирлиева Гүлнараға табыстап, сенім білдіре отырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Бұл ұрпақтар сабақтастығы мен жауапкершіліктің жарқын көрінісі болды. Шара барысында сөз алған еңбек ардагері, ауданның құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Қабаш Жүнісов ағай да ұстаздық еңбектің сансыз, өлшеусіз екендігін айта отырып, жастарға сенімділікпен қарау керектігін басымдылықпен атады. Кеш соңында аудандық білім беру бөлімінің басшысы Асхат Хамитұлы Молдағалиев ардагер ұстаз Сапашева Дина Ғаллемқызына көпжылдық қажырлы еңбегі үшін алғыс білдіріп, арнайы алғысхат пен сый-сияпат табыстады. Бұл ұстаз еңбегіне көрсетілген шынайы құрметтің белгісі еді.

Ұстазға көрсетілген құрмет – ұрпаққа берілген өнеге. Осындай тағылымды шаралар ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын алтын көпір іспетті. Себебі ұстаз – ұлттың болашағын қалыптастыратын ұлы тұлға.

«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» дейтін болсақ, ұрпақтар сабақтастығы жалғасын таба берсін!

Зарина ИСМАҒҰЛ

Өңір басшысы іссапары

Ауданымызға Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев арнайы жұмыс сапарымен келді. Өңір басшысы сапарын Ұзынкөл ауылынан бастап, бой көтеріп жатқан мектеп құрылысына барып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен жан-жақты танысты.

Құрылыс жұмыстарын «Наурыз» ЖШС жүргізуде. Жобаның жалпы құны 1 млрд 656 млн 215 мың теңгені құрайды. Қазіргі таңда жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес атқарылуда. Жоспар бойынша мектеп жаңа оқу жылына дейін пайдалануға беріледі.

Сапар барысында облыс әкімі құрылыс сапасына ерекше назар аударып, барлық талаптардың сақталуын тапсырды. Әсіресе қауіпсіздік шаралары, құрылыстың сапасы және мерзім тәртібі қатаң бақылауда болатынын атап өтті. Сонымен қатар мердігер өкілдеріне техникалық қадағалауды күшейтіп, атқарылған жұмыстарға нақты бағалау жүргізуді міндеттеді.

Мердігер тарап нысанды белгіленген мерзімде толық аяқтауға дайын екендіктерін жеткізді.

Өңір басшысы «Әлем» шаруа қожалығының жұмысымен танысты

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев өңірге жасаған жұмыс сапары барысында ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан іргелі кәсіпорындардың бірі – «Әлем» шаруа қожалығының қызметімен танысты. Сапар барысында шаруашылықтың жетістіктеріне жоғары баға беріп, саланы дамыту бағытындағы жұмыстардың жай-күйін зерделеді.

«Әлем» шаруа қожалығы 2004 жылы құрылып, қысқа мерзім ішінде өңірдегі мал шаруашылығының флагманына айналды. 2007 жылы оған асыл тұқымды ірі қара өсіретін шаруашылық мәртебесі берілсе, 2010 жылы көшім тұқымды жылқы өсіретін асыл тұқымды шаруашылық ретінде танылды. Бүгінде қожалық республика көлемінде асыл тұқымды мал өсіру ісінде жоғары беделге ие.

Қожалықтың негізгі бағыты – қазақтың ақбас сиыры мен көшім тұқымды жылқысын өсіру және асылдандыру. Мал шаруашылығын дамытуға баса мән берілген кәсіпорында заманауи технологиялар мен инфрақұрылымдық нысандар тиімді пайдаланылуда. Атап айтқанда, 2012 жылдың желтоқсанында іске қосылған 1000 бас ірі қара малына арналған бордақылау алаңы жұмыс істейді. Бұл нысан мал бордақылау үдерісін жеделдетіп, өнім сапасын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Қазіргі таңда шаруа қожалығында асыл тұқымды ірі қараның саны 819 басқа жетсе, көшім тұқымды жылқының басы 1146-ға толып отыр. Мал шаруашылығымен қатар, жемшөп базасын нығайтуға да көңіл бөлінген. Шаруашылықтың жалпы жер көлемі 26 013 гектарды құрайды.

«Әлем» ШҚ жетекшісі Ескендір Елемесов облыс әкіміне шаруашылықтың алдағы жоспарлары жөнінде баяндап, тікелей пікір білдірді.

– Біздің басты мақсатымыз – асыл тұқымды мал басын көбейтіп қана қоймай, оның сапасын арттыру. Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында материалдық-техникалық базамызды нығайтып, жаңа тех-



нологияларды енгізуге мүмкіндік алып отырмыз. Алдағы уақытта бордақылау алаңының қуаттылығын арттырып, экспорттық әлеуетті күшейтуді жоспарлап отырмыз. Ауыл жастарын жұмыспен қамтып, тәжірибелі мамандарды тарту да негізгі міндеттеріміздің бірі, – деді шаруашылық басшысы.

«Әлем» ШҚ аймақтағы жұмыспен қамту мәселесіне де өз үлесін қосуда. Қожалықта 12 адам тұрақты жұмыс істесе, маусымдық кезеңде жұмысшылар саны 18–20 адамға дейін артады. Орташа айлық еңбекақы мөлшері 145 мың теңгені құрап, сала мамандарының лайықты табыс табуына жағдай жасалған.

Шаруашылықтың материалдық-техникалық базасы да нығайып келеді. Қазіргі таңда техника паркi 15 бірліктен тұрады, оның ішінде 8 трактор бар. Бұл техника жер жырту, жемшөп дайындау және басқа да шаруашылық жұмыстарын сапалы әрі уақтылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Нариман Төреғалиұлы «Әлем» шаруа қожалығы ұжымының жұмысына жоғары баға беріп, мал басын асылдандыру мен өндіріс көлемін арттыру бағытындағы бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Сондай-ақ аймақ басшысы ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары алдағы уақытта да жалғасатынын және бұл бағытта өңірлік билік тарапынан қажетті көмек көрсетілетінін атап өтті.

Бағасы биік руханияттың шаңырағында

Сәрсенбінің сәтті күнінде өңір басшысы Нариман Төреғалиев жұмыс сапары

ры аясында еңселі де заманауи аудандық орталық кітапхана жұмысымен танысты. Руханияттың шамшырағына айналған жаңа кітапхана – білім мен парасаттың, ізденіс пен жаңашылдықтың ордасы. Бұл – ауылдың рухани тынысын кеңейтіп, жас буынның білімге деген құштарлығын арттыра түсетін игі бастама. 548



қаражатқа салынған заманауи нысан. Жалпы аумағы 600 шаршы метрді құрайтын қос қабатты ғимарат талапқа сай жабдықталып, оқырманға барынша қолайлы жағдай жасалған.

Ғимараттың бірінші қабатында кітап қорын өңдеу және толықтыру бөлімі, сондай-ақ аудандық модельді балалар кітапханасы орналасқан. Ал екінші қабатқа жалпы қоры 50 мың данаға жуық бай әдебиетті қамтитын аудандық кітапхана көшірілген.

Өңір басшысы ғимарат ішін аралап, жаңа нысанның материалдық-техникалық базасымен танысты. Оқырмандармен тілдескен облыс әкімі Мемлекет басшысы руханият мәселелеріне айрықша мән беретінін атап өтіп, осы бағытта өңірде де ілкімді істер атқарылып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар барлық аудандарда осындай заманауи рухани орталықтардың болғаны артық етпейтінін айтты, бұл бастама өңірдің мәдени әлеуетін арттыра түсетінін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар облыс әкімі жаңа кітапхана кітапсүйер қауымының сүйікті мекеніне айналып, жас ұрпақтың білімге құштарлығын арттыратын мәдениет пен парасаттың шынайы орталығы болуына тілектестік білдірді.

Референдумға байланысты актив отырысы

Аудандық орталық кітапханада облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің қатысуымен республикалық референдумға дайындық

отырысы өтті.

Жыныға аудандық мәслихат депутаттары, аудан ардагерлері, ауыл әкімдері, жастар, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Актив отырысына өңір басшысы төрағалық етіп, алдағы маңызды саяси науқанның мән-маңызына кеңінен тоқталды. Өз сөзінде ол ағымдағы жылдың 15 наурызында өтетін республикалық референдумға дайындық барысы баршаға ортақ жауапкершілік жүктейтін маңызды міндет екенін атап өтті.

– Бүгін біз мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өміріндегі аса маңызды кезең – алдағы республикалық референдумға дайындық мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Референдум – халықтың ерік-жігерін тікелей білдіретін, ел дамуының стратегиялық бағыттарын айқындайтын маңызды демократиялық құрал. Сондықтан оны Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң талаптарына сай, ашық әрі әділ өткізу басты міндетіміз, – деді өңір басшысы.

Сондай-ақ аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдардың, сайлау



АРМЕН АУДАНЫМЫЗДА



комиссияларының, құқық қорғау құрылымдарының, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің үйлесімді жұмысы шешуші рөл атқаратыны атап өтілді. Әсіресе халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Жиын барысында референдумды ұйымдастыру жұмыстары сапалы, жүйелі және заң талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс екені айтылып, нақты міндеттер айқындалды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Жәнібек аудандық мәслихатының төрағасы, референдумды өткізу жөніндегі аудандық штаб төрағасы Тахир Қадимов баяндама жасап, дайындық барысы туралы кеңінен ақпарат берді.

Сонымен қатар ардагер ұстаз, штаб мүшесі Гүлнәр Хайрлиева сөз сөйлеп, референдумның ел болашағы үшін маңыздылығына тоқталды.

Өз кезегінде Жәнібек аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Мемдіхан Халиханов та сөз алып, жастардың алдағы референдумға белсенді қатысуы – ел ертеңіне деген жауапкершіліктің айқын көрінісі екенін атап өтті. Ол жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу, құқықтық мәдениетті арттыру және азаматтық белсенділікті күшейту бағытында нақты шаралар қолға алынатынын жеткізді.

Актив отырысының қорытындысында жиынға қатысушылар жаңа Конституция жобасына қолдау білдіретінін айтып, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыра беретінін жеткізді.

ЖАҢА КЕШЕН КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ

Аудандық орталық кітапхана жұмысын зерделеген өңір басшысы армен қарай аудан орталығында орналасқан «The Nomad» фитнес орталығына ат басын бұрды. Руханият ордасынан басталған сапар салауатты өмір салтын насихаттайтын заманауи спорт нысанында жалғасып, ел игілігі жолындағы кешенді жұмыстардың сабақтастығын айқын көрсетті.

Өткен жылы пайдалануға берілген бұл фитнес орталығы бүгінде тұрғындардың белсенді өмір салтын қалыптастыратын заманауи спорт кеңістігіне айналған. Сәулеті келіскен, жарыққа толы ғимарат барлық талапқа сай жабдықталған. Келушілерге арналған жайлы киіну бөлмелері мен жуыну орындары қарастырылған.

Спорт кешенінде екі зал тұрақты жұмыс істейді. Оның бірі соңғы үлгідегі кәсіби тренажерлармен жабдықталған кең жаттығу залы болса, екіншісі – сұранысқа ие стретчинг залы.

Мұнда икемділікті арттыруға, буындардың қозғалыштығын дамытуға және бұлшықет серпімділігін жақсартуға бағытталған арнайы жаттығулар жүргізіледі.

Өңір басшысы нысанның материалдық-техникалық базасымен танысып, тұрғындар үшін жасалған жағдайға оң бағасын берді. Ол өз сөзінде бұқаралық спортты дамыту – ұлт денсаулығын нығайтудың маңызды бағыты екенін атап өтіп, мұндай заманауи орталықтар жастарды спортқа баулып, салауатты өмір салтын орнықтыруға зор мүмкіндік беретінін жеткізді.

БАЛАМАСЫ ЖОҚ ЗАУЫТ – ЖӘНІБЕКТЕ

Өңір басшысы Жәнібек ауданындағы жұмыс сапарын «EcoClub» ЖШС-де аяқтады. Бүгінде ауданымыз жыл санап көркейіп, жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп, еңбекқор азаматтардың бастамасымен түрлі бағыттағы шағын кәсіпорындар ашылып, халықты жұмыспен қамтуға өз үлесін қосуда. Соның жарқын дәлелі – бүгін куә болып отырған жаңа өндіріс орнының іске қосылуы.

Осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ұлттық қолөнерді жаңғыртып, аудан халқына пайдалы кәсіп көзін ашуды мақсат еткен ауыл азаматы Бауыржан Сабанов тері өңдеу ісін жандандыруды қолға алып отыр. Жаңа кәсіпорынның басты мақсаты – жылқы мен ірі қара малдың терісін өңдеп, мал азығы қоспасы мен сапалы өнім шығару арқылы ауыл шаруашылығы саласын дамытуды қамтамасыз ету. Жоба құны – 630 млн теңге, ал оның өнімділігі айына 200 тоннаға жетеді. Бұл бастама – жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті шикізатты кәдеге жаратуға бағытталған маңызды қадам.

Ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімі Нариман Төреғалиев:

– Өздеріңіз білесіздер, кәсіпкерлікті қолдау бағытында мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында кәсіпкерлік саласына айрықша мән беріп, оның ел экономикасындағы маңызын нақты атап өтті. Соның нәтижесінде өңірімізде кәсіпкерлікті дамытуға қомақты қаржы бөлініп жатыр.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығына арналған түрлі бағдарламалар арқылы 50 миллиард теңге көлемінде жеңілдетілген несиелік ауыл шаруашылығымен айналысатын азаматтарға берілді. Сонымен қатар 32 миллиард теңге көлемінде қайтарымсыз субсидия бөлінді. Яғни өңірде ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға барлығы 82 миллиард теңге бағытталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2026 жылдың соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көрсеткішін 70 пайызға жеткізу міндеті қойылды.

Ауылдардағы шағын және орта бизнес – жаңа жұмыс орындарының көзі. Бүгін ашылғалы отырған цехта 20-ға жуық жаңа жұмыс орны құрылмақ. Бұл – ауыл тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік.

Халықпен кездесулер барысында жиі көтерілетін мәселелердің бірі – мал терісі мен жүнін кәдеге жарату болатын. «Қайда өткіземіз? Қалай өңдейміз?» деген сұрақтар көп айтылатын. Енді, міне, сол мәселенің нақты шешімі қолға алынып отыр. Бұл кәсіпорында тері өңделіп, мал азығына қажетті өнімдер, яғни протеин өндірілетін болады.

Осындай өндірістерді облыс көлемінде қолдау – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Бұл жоба толық жүзеге асса, өңірімізде көптен бері қордаланып келе жатқан тері мәселесі өз шешімін табады.

Бүгінгі теріні өңдеп, сапалы өнім шығаруға бағытталған зауыттың басшысы Бауыржан Қанатұлына және серіктесі, Солтүстік Қазақстан облысынан келген Асылбек Айкеновке алғысымызды білдіреміз. Жобаның сәтті жүзеге асатынына сеніміміз мол.

Батыс Қазақстан облысында өндірілетін тері



өнімдерін ішкі нарықпен қатар, халықаралық деңгейде экспортқа шығаруға да мүмкіндік бар. Бұл кәсіпорын өңір экономикасының дамуына серпін беріп, жаңа белестерге жол ашады деп сенеміз.

Жобаның басталуымен баршаңызды тағы да шын жүректен құттықтаймын! Кәсіпорын табысты жұмыс істеп, ел игілігіне қызмет ете берсін! – деді өңір басшысы.

Әрі қарай сөз алған теріні өңдеп, одан протеин өндіру технологиясын әзірлеген Асылбек Назымбекұлы жобаға сәттілік тілеп, бұл бастаманың ауыл шаруашылығы саласына тың серпін беретінін атап өтті. Ол жаңа өндірістің өңір экономикасын дамытуға, қалдықсыз технологияны енгізуге және өнім сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін ерекше айтты.

Сондай-ақ цех басшысы Бауыржан Сабанов сөз алып, жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен облыс әкіміне және аудан әкімдігіне шынайы ризашылығын білдірді. Өз сөзінде бұл кәсіпорынның Қазақстан бойынша үшінші болып ашылып отырғанын атап өтіп, алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, өнімді ішкі нарықпен қатар экспортқа шығаруға ниетті екендерін жеткізді.

Ашылу салтанатынан кейін келген меймандар жаңа іске қосылған тері өңдеу зауытын аралап көрді. Өндіріс орнындағы заманауи құрылғылардың жұмысымен танысып,

технологиялық үдерістердің барысын тамашалады.

Мамандар цехтың жұмыс тәртібі, өнім өндіру кезеңдері мен сапа бақылау жүйесі туралы жан-жақты мәлімет берді. Қонақтар жаңа өндірістің мүмкіндіктеріне оң бағасын беріп, бастамаға сәттілік тіледі.

РЕНОВАЦИЯ ТІЗІМІНДЕГІ МЕКТЕПТІҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫС БОЛДЫ

Облыс көлемінде 33 білім беру ұйымы реновациялау бағдарламасына енгізіліп, ағымдағы күрделі жөндеуден өткізілетін болды.

Аталған тізімге біздің ауданнан екі бірдей білім ошағы – Ө.Сахипов атындағы мектеп пен №1 мектеп-лицейі енгізілді.

Жөндеуді қажет ететін білім беру нысанының қазіргі жағдайымен танысу мақсатында өңір басшысы Нариман Төреғалиұлы арнайы барып, №1 мектеп-лицейі ғимараттарын аралап көрді.

Жұмыс сапары барысында аймақ басшысы жауапты сала мамандарына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді. Атап айтқанда, алдағы жөндеу жұмыстарының сметалық құжаттамасына қажетті өзгерістер енгізуді, құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстауды және инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуды тапсырды.

Облыс әкімі өз сөзінде: «Білім беру нысандары балалар үшін қауіпсіз, жылы әрі заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Жөндеу жұмыстары формалды түрде емес, сапалы әрі нәтижелі атқарылуы қажет. Әсіресе жылыту жүйесіне ерекше назар аудару керек. Қыс мезгілінде мектептерде жылу мәселесі

туындамауы тиіс. Барлық қажетті шығындар сметаға енгізіліп, жұмыс уақтылы әрі талапқа сай орындалсын», – деп атап өтті.

Жоспарланған жөндеу жұмыстары білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтып, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР ҚҰРЫЛЫСЫН ТЕКСЕРДІ

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев жұмыс сапарында әлеуметтік осал санаттағы тұрғындар үшін салынған тұрғын үйлердің де жай-күйімен танысты. Өңір басшысы құрылыс сапасына назар аударып, халықты баспанамен қамту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығын атап өтті.

2025 жылы Жәнібек ауданында әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды. Өткен жылдың өзінде аудан бойынша барлығы 33 пәтер салынған болатын.

Соның ішінде аудан орталығында 2 пәтерлік 19 тұрғын үй салынды. Құрылыс жұмыстары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Дайын пәтерлер «Отбасы банк» акционерлік қоғамы арқылы кезекте тұрған азаматтарға пайдалануға беріледі.

АДАЛ ЕҢБЕК – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Осы мақалам БҚО, Жәнібек ауданы, Жақсыбай ауылының байырғы тұрғыны болған қарапайым жұмысшы, ел арасында адал еңбегімен танылған Рауза Қалиқызы Бадакова туралы болмақ.

Бадакова Рауза Қалиқызы 1956 жылы 2 ақпан күні қазіргі БҚО, Жәнібек ауданы, Жақсыбай ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Жақсыбай ауылындағы бастауыш мектепте білім алып, 1973 жылы Талов ауылындағы Ғ.Сарыбаев атындағы мектепті аяқтады. 1973-74 жылдары Орал қаласындағы кооперативтік техникумда «сатушы» мамандығы бойынша білім алды. Еңбек жолын 1974 жылдан бастап 1996 жылға дейін «Жұмысшылар кооперативі» (Рабкооп) мекемесінде сатушы-экспедитор болып қалтқысыз қызмет атқарды. Сол кездегі «тапшылыққа» қарамай ауыл тұрғындарына қажетті тауарды уақтылы жеткізіп, ауылдастарының ыстық ықыласына бөленді. 1996-2009 жылдар аралығында «Өркен» өндірістік кооперативінде қойма меңгерушісі болып қызмет атқарып, 2009 жылы 5 баламен 53 жасында зейнеткерлікке шықты. Еңбек жолында талай басшылармен қызмет атқарды. «Жұмысшылар кооперативінде» қызмет атқарған кезде талай тексерістен таза шықса, «Өркен» өндірістік кооперативінде қойма меңгерушісі ретінде күзде қоймаға кірген жем көктемде 1 тонна да кем емес кері шығатын еді. Ол Рауза Қалиқызының қызметке жауапкершілікпен қараған адал азаматша екенінің дәлелі. Сол өндірістік кооперативті басқарған Өтеғали Хакимов, Марал Зақарин сияқты азаматтар басшы ретінде осы істің куәгерлері. Ең өкініштісі, осындай адал қызмет атқарған азаматшалар сол заманда ешқандай марапатқа ұсынылмаған, бірақ та бұл өмірде ең

үлкен марапат ол халықтың алғысы деп ойлаймын.

1978 жылы Ғаппар есімді Талов ауылының жігітімен отбасын құрады. Ғаппар екеуінен 2 ұл, 3 қыз өмірге келді. Қазіргі уақытта ұлын ұяға, қызын қияға ұшырып, немере-жиендердің арасында қызығын көріп отырған ардақты әже. Жолдасы Ғаппар да өте еңбекқор жан болды. 1980 жылдан 2000 жылдарға дейін «Я.М.Свердлов атындағы совхозда жүк көлігі мен автокран, автобус жүргізушісі қызметін абыроймен атқарды. Жәнібек – Жақсыбай



маршруты бойынша ұзақ жылдар автобус жүргізушісі болып қызмет атқарды. Одан кейінгі жылдары ауыл әкімінің қызметтік көлігінің жүргізушісі, 2000-2013 жылдар аралығында Орал қаласындағы «Қазавтожол» мекемесінде асфальт-бетон зауытында оператор болып қызмет атқарды. 2016 жылы зейнетке шығып, сол кездегі Зеленов, қазіргі Бәйтерек ауданының Переметный ауылына қоныс аударды. 2024 жылы 70 жастан асқан шағында сұм ажал арамздан алып кетті.

Жолдасы Ғаппар екеуі тәрбиелеген ұл-қыздары қазіргі уақытта өз отауларын құрып, әртүрлі салада еңбек етуде. Саналы ғұмырын Жақсыбай ауылының дамуына арнаған отбасы ұл-қызын да ешкімнен кем қылмай,

адал еңбекпен ұрпағына дұрыс тәлім-тәрбие бергені айдан анық.

Үлкен қызы Венера – өте еңбекқор жан, қазіргі уақытта Жақсыбай ауылында болса, үлкен ұлы Батырбек Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында мекен етіп, күзетші қызметін атқаруда. Бала кезден өнерге жақын Батырбек баласы өнерлі жігіт. Аудандық, облыстық «Әнші балапан», «Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Батырбексіз Жақсыбайдың тойы мен концерті өтпейтін еді кезінде...

Одан кейінгі ұлы Бекзат қазіргі уақытта Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылында мекен етуде. Бала кезден зерек болған Бекзат мемлекеттік қызметте. Орал қаласындағы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «агроном» мамандығы бойынша білім алып, еңбек жолын туған жері Жақсыбай ауылына келіп, халыққа қызмет көрсету орталығы басшысы лауазымынан бастап, Бәйтерек ауданы әкімдігінің ұйымдастыру бөлімінің басшысы, Белес және Переметный ауылдық округі әкімі сияқты әртүрлі лауазымдарды атқарды. 2024 жылдың 5 наурызынан бастап Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқаруда.

Одан кейінгі қыздары Жұлдыз бен Бәлла Бәйтерек ауданының Переметный мен Белес ауылдарында балабақша тәрбиешісі ретінде еңбектенуде.

Әкесі Малаев Қали Пайдаұлы 1913 жылы 12 қаңтарда БҚО, Бөкей ордасы (бұрынғы Орда) ауданы, Жиекқұм ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері.

1942 жылы 15 мамырда Орда әскери комиссариатымен әскерге шақырылып, 1945 жылдың 2 сәуіріне дейін майдан шебінде соғысып, бомба снарядынан жаракат алуына байланысты госпитальге түседі. Ұлы Жеңісті жаракат алған әскерилермен бірге госпитальде қарсы алады.

1946 жылы Орда ауданынан Жәнібек ауданына қоныс аударады.

«Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 20, 30, 40, 50 жыл» медальдарымен марапатталған.

1946-1974 жылдар аралығында БҚО, Жәнібек ауданы, Жақсыбай ауылындағы Я.М.Свердлов атындағы совхозда шопан-малшы болып қызмет атқарды. 11 қаңтар 1974 жылы зейнетке шықты. Еңбек еткен жылдары әр жүз саулықтан 110 қозы алған Қали Пайдаұлы «Құрмет белгісі» және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталған.

Зейнетке шыққан уақыттан бастап, ауылдың барлық қоғамдық өміріне етене араласқан абыз ақсақал. Олай дейтініміз, ҰОС ардагер-ақсақал ретінде ауыл жастарына өз ақылын айтып, садақаларда молдалық қызмет атқарып, ең қызығы, ат үстінде өзін еркін ұстап, нағыз шебер шабандоз екенін бірнеше мәрте дәлелдеген. Ең қызығы, 60 жасында бәйгеге қатысып, бас жүлдені жеңіп алған. Жолдасы Айтқаным (Айша) Өтеғалиева (облыстық партия конференциясының делегаты) өмір бойы жолдасының қасында шопан



көмекшісі болып, ұл-қыздарын бірге тәрбиелеген қарапайым отбасы.

Осындай қарапайым шаңырақта текті әулеттің тәрбиесін көріп өскен Рауза Қалиқызы өмір жолында да адал еңбегімен қызмет еткен жан.

Ғаппар мен Раузаның қарапайым, қанағатшыл отбасы болғаны белгілі. Аталған отбасы ауылда сыйлы, абыройлы отбасы болған. Бұл отбасының тағы бір ерекше қасиеті – қонақжайлылығы. Өйткені олар үйге келген адамды құшақ жая қарсы алып, төріне шығарып, құрметпен қарсы алатын. Үйінде ешқашан дастарқаны жиналмайтын.

Биыл Рауза Қалиқызы ақпан айында 70 жасқа толды. Осы мерейлі мерекесі қарсаңында деніне саулық, отбасына амандық, ұл-қызы мен немере-жиендерінің ортасында баянды да бақытты ғұмыр кешуіне тілектеспін!

Өткен 2025 жылды ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы бекер емес. Өйткені өмір бойы осындай қарапайым жұмыс жасап, отбасын асырап, ұл-қызын өсіріп, оқытып-тоқытып «Өмір» деген даңғыл жолға тәрбиелеп, жеткізу нағыз адал еңбектің арқасы деп білемін. Осындай қарапайым отбасылардың еңбегі өскелең ұрпаққа өнеге болсын демекпін!..

Еркін ДУИТОВ,
БҚО, Жәнібек ауданы, Жақсыбай ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы

ӨТКЕННІҢ ҮНІН САҚТАҒАН...



Жәнібек аудандық тарихи-өлкетану музейінің қорына жуырда екі бірдей құнды жәдігер қабылданды. Олар – әскери және барлау қызметінде қолданылған компас пен кеңестік кезеңнің тұрмыстық техникасы саналатын «Вега-109-стерео» пластинка ойнатқышы. Аталған бұйымдарды Жәнібек ауданының тұрғыны Алтынбек Үмбетқалиев музейге сыйға тартты.

Бұл жәдігерлер XX ғасырдың белгілі бір кезеңіндегі тұрмыс-тіршілікті, техника дамуы мен мәдени ортаны айқын көрсетеді. Әрбір экспонат – өткен дәуірдің үнсіз куәсі, тарихтың тірі белгісі.

Компас өз уақытында әскери салада қолданылып, белгісіз кеңістікте бағыт-бағдар көрсеткен сенімді құрал болды. Ал «Вега-109-стерео» пластинка ойнатқышы кеңес дәуірінде үй ішіндегі мәдени ортаның қалыптасуына ықпал етіп, талай отбасының шаңырағына әуен сыйлады.

Жәдігерлер аудан орталығынан сатып алынған үйді ретке келтіру барысында табылған. Олардың тарихи маңызын түсінген Алтынбек Үмбетқалиев бұл бұйымдарды көпшілік игілігі үшін музей қорына тапсыруды жөн көрген.

Бүгінде бұл жәдігерлер музей экспозициясын толықтырып, жас ұрпаққа өткен дәуірдің өмір салты мен рухани құндылықтарын танытуға қызмет етпек. Өткенді сақтау – келешекке жасалған аманат.

Гүлназ БАҚЫТЖАНОВА,
БҚО тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі

ТАРИХТЫҢ ҮНІ МЕН ТҮСІН ЖЕТКІЗГЕН ҚОС ЖӘДІГЕР

Жәнібек аудандық тарихи-өлкетану музейі тағы екі бірдей құнды жәдігермен толықты. Бұл жолы музей қорына кеңес дәуірінен сыр шертетін қабырға радиосы мен «Смена-8М» фотокамерасы қабылданды. Аталған жәдігерлерді музейге Жәнібек ауылының тұрғыны, өлке тарихына жанашыр азамат Алтынбек Үмбетқалиев табыстады.

Алтынбек Серікұлы жаңа үйге қоныстану барысында тұрмыстық заттарды реттеу кезінде бұл бұйымдарды сол үйден тауып алған. Жәдігерлердің аталған үйдің бұрынғы иелерінен қалғаны анық байқалады. Уақыттың табы сезілгенімен, олардың тарихи, мәдени және танымдық құндылығы жойылған жоқ.

Музей қорына қабылданған қабырға радиосы – кеңес дәуіріндегі тұрмыстық техниканың айқын үлгісі. Радио тікбұрыш пішінді, пластик корпустан жасалған. Алдыңғы бетінде үлкен дөңгелек, торлы динамигі орналасқан, ал оң жағында дыбыс деңгейін реттейтін домалақ тұтқасы бар. Түсі ақшыл-сарғыш, жоғарғы қақпағы қоңырау. Электр сымсы толық сақталған. Бұл радио өз заманында әрбір үйдің жаңалық тыңдайтын негізгі ақпарат құралы болған.

Музейге тапсырылған екінші



жәдігер – «Смена-8М» фотокамерасы. Камера қара түсті пластик корпустан жасалған, ортасында Т-43 ЛОМО объективі бар және өзіне тиесілі қара түсті тасымалдау қапшығымен бірге табылған. Бұл модель XX ғасырда кең тараған тұрмыстық фотокамералардың бірі саналады. Осындай камералар арқылы ауыл өмірінің көріністері, отбасылық қуаныштар, той-думандар мен күнделікті тіршілік сәттері тарих бетіне сурет болып танбаланды. Әр кадр – бір тарих, әр сурет – бір естелік.

Жәдігерлерді музейге табыстау себебін Алтынбек Үмбетқалиев: «Үйден табылған соң, келешек ұрпақ көрсек екен дедім. Музейге әкелсем, жәдігер лайықты орнын табады деген сенімде болдым», – деп түсіндірді.

Бұл сөз азаматтық жауапкершіліктің, тарихқа деген терең құрметтің айқын көрінісі. Аталған екі жәдігер де бір дәуірдің тұрмыс-тіршілігін, рухын және күнделікті өмірін айшықтайтын құнды мұра ретінде музей қорын толықтырып отыр.

Жәнібек аудандық тарихи-өлкетану музейі үшін әрбір жәдігер – халық жадының бір бөлшегі. Осындай құнды дүниелер арқылы біз өткенді ұмытпай, болашақ ұрпаққа аманаттаймыз. Өткенді тану – бүгінді бағалау, ал тарихты сақтау – ұлттың өзін сақтау.

Әсел ЖӘРДЕМҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей бөлімінің экскурсия жетекшісі

ЖОБА

Жәнібек ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шаруа қожалығын жүргізу үшін берілген Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Тау ауылдық округінде орналасқан «Дархан» шаруа қожалығының пайдаланудағы 762 (жеті жүз алпыс екі) гектар, кадастрлық нөмірі 08-116-021-241 жайылымдық жер учаскесі, жайылым алқаптарына халық мұқтажын қанағаттандыру мақсатында мемлекет

мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулыға сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 12 мамыр болып белгіленсін.

4. Жәнібек ауданының әкімдігі меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаны заңнама талаптарына сәйкес жолдасын.

5. Меншік иелері мен жер пайдаланушылар үшін мемлекет мұқтажы мақсатында алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге

асыру үшін Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, Иманов көшесі, №71 ғимаратындағы «Жәнібек ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

6. Жәнібек ауданы әкімдігі осы қаулы қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде Жәнібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Бисеновке жүктелсін.

Аудан әкімі

Т.ШИННИЯЗОВ

Ⓐ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы

құқықбұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқықбұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі — паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыптасуы етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды.

Қаз келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертті одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

А.ХАСАНОВА,
ҚР АІШМ ВБжКК Жәнібек аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ЖӘНЕ «АДАЛ АЗАМАТ» — СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚОҒАМ НЕГІЗІ

Сыбайлас жемқорлық — қоғамның дамуына кедергі келтіретін, заң үстемдігі мен әділдік қағидаларын әлсірететін қауіпті әлеуметтік құбылыс. Осыған байланысты елімізде «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту және «Адал азамат» идеологиясын қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. «Заң мен тәртіп» қағидаты — заңның бәрін бірдей және бұлжытпай орындауын көздейді. Заң талаптарын сақтау, қызметтік өкілеттікті жеке мүддеге пайдаланбау, әділ шешім қабылдау — сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басты шарттары. Заң үстемдік еткен қоғамда жемқорлыққа орын жоқ. Ал «Адал азамат» идеологиясы әрбір адамның жеке жауапкершілігіне негізделген. Адал азамат — пара бермейтін, пара алмайтын, заңды құрметтейтін, өз еңбегімен жетістікке жетуді мақсат ететін тұлға. Осындай азаматтардың

қалыптасуы қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін орнықтырады. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат аясында мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру, цифрландыру, қоғамдық бақылауды күшейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында, еңбек ұжымдарында және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттауға ерекше мән берілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. «Заң мен тәртіпті» өмірлік ұстаным етіп, «Адал азамат» қағидаларын берік ұстанған жағдайда ғана әділетті, ашық және сенімді қоғам қалыптасады.

Жәнібек ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ — БАСТЫ НАЗАРДА

Жылыту маусымы басталғанда өрт қауіпін айтарлықтай арта түседі. Әсіресе тұрғын үйлерді пешпен, газбен және электр жылытқыш құралдарымен жылыту кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталмауы түрлі қайғылы жағдайларға себеп болуы мүмкін.

Осыған орай, Жәнібек аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы, азаматтық қорғау подполковнигі Берік Испенбетов жылыту маусымындағы өрттің негізгі себептерін тоқталды.

— Пештердің талапқа сай орнатылмауы, мұржалардың уақтылы тазаланбауы, газ жабдықтарының қауіпсіздігі болуы, электр желілерінің шамадан тыс жүктелуі және тұрмыстық электр жылытқыштарын бақылаусыз қалдыру — өрттің басты себептері, — деді ол.

Маманның айтуынша, пешпен жылытылатын тұрғын үйлерде пеш пен мұржаның жарамдылығын алдын ала тексеріп, анықталған жарықтар мен ақауларды дер кезінде жөндеу, сон-

дай-ақ мұржаларды күйеден тазалау бірінші кезектегі маңызды әрекет болып табылады. Ал газбен жылытылатын үйлерде газ жабдықтарының техникалық жағдайына ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Газ иісі сезілген жағдайда дереу газды өшіріп, терезелерді ашып, тиісті қызметтерге хабарлау қажет.

Электр жылытқыш құралдарын пайдалану кезінде де тек зауытта шығарылған, техникалық тұрғыдан жарамды құралдарды қолдану ұсынылады. Электр сымдарының бүлінбегеніне көз жеткізіп, розеткаларды шамадан тыс жүктемеу керек. Сондай-ақ жылытқыш құралдарын түнгі уақытта немесе үйден шыққанда қосулы күйде қалдырмау қажет.

Осындай қарапайым қауіпсіздік ережелерін орындау арқылы өз өмірімізді, жақындарымызды және мүлкімізді тілсіз жаудан қорғауға болады. Төтенше жағдайдың алдын алу — баршамызға ортақ жауапкершілік екенін ұмытпаған жөн.

ӨСІМДІКТЕР ҚАРАНТИНІ

Өсімдіктер карантині — Қазақстан Республикасының өсімдік ресурстары мен өсімдіктен алынатын өнімді карантиндік объектілерден қорғауға бағытталған, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим.

Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар — карантинді объектілердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау және жою, залалданған карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру, техникалық қайта өңдеу, тазарту және жою, үй-жайлар мен көлік құралдарын залалсыздандыру және тазарту, карантинге жатқызылған өнімді қайтару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге бағытталған іс-шаралар жүйесі.

Өсімдік карантині, мемлекет аумағын немесе оның жеке бір бөлігін карантиндік аурулар мен зиянкестер және арамшөптердің таралуынан сақтау үшін ұйымдастырылады. Осыған байланысты ол сыртқы және ішкі карантин болып екіге бөлінеді. Сыртқы карантиннің негізгі мақсаты — еліміздің аумағын карантиндік маңызы бар нысандардан қорғау. Осы мақсат үшін шет елдермен шекаралардағы арнайы бекеттерде елімізге әкелініп жатқан өсімдік өнімдерінің (өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, ыдыс, орам, жүктер, топырақ, дән, жеміс-жидек, орман және жеміс ағаштары, сәндік дақылдардың көшеттері мен тұқымдары, организмдер немесе материалдар т.б.) барлығы карантиндік тексеруден өтеді. Бұл тауарлардың міндетті түрде фитосанитариялық сертификаты болуы тиіс. Ка-

рантиндік нысандардың бірі байқалған жағдайда жүк залалсыздандырылады, жойылады немесе жіберген еліне кері қайтарылады. Әр мемлекет үшін карантиндік нысандардың тізімдері жасалынып, бекітілген. Ішкі карантиннің негізгі мақсаты — республика аумағында зиянды нысандарды жою және әрі қарай таралуын шектеу.

Карантинге жатқызылған өнімді фитосанитариялық сертификатсыз, тексеру актісі болмай тасымалдауды жүзеге асыру түрінде жасалған бұзушылық — жеке тұлғаларға — жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Карантиндік шаралар Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» Заңы бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар карантинге жатқызылған өнімді өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау, тасымалдау мен өткізумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар шаруашылық аумағында Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 18-бабының 2-тармағына сәйкес карантиндік объектілердің ошақтарында өз қаражаты есебінен химиялық улауды жүргізу қажет.

А.КАНАТОВ,
ҚР АІШМ АӨК МПК Жәнібек ААИ өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

«NEFTEK Оперейтинг» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2026 жылдың 10 наурызы мен 16 наурызы аралығында Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Батыс Қазақстан, №26 көпсалалы газ стансасының құрылысы» тарауы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетін Бірыңғай экологиялық порталдан табуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ndbecology.gov.kz/>) қабылданады.

ТОО «NEFTEK Operating» в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что с 10 марта по 16 марта 2026 года на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>) ,будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Строительство многотопливной автозаправочной станции №26 в с.Жанибек Западно-Казахстанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале.

Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>).

<p>Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС Бас директор Дархан ОРАЗОВ</p> <p>«Жайық Пресс» ЖШС Жәнібек аудандық «Гұмар елі» қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторы Жадыгер КУСАЙНОВ</p> <p>Жауапты хатшысы Арайгүл СЕЙФУЛЛИЕВА</p>	<p>Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы 13 қаңтарда тіркеліп, №КЗ83VPY00138700 санды куәлігі берілген.</p> <p>Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды.</p> <p>Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.</p>	<p>Мекенжайымыз: 090100, БҚО, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, М.Ықанов көшесі, 93.</p> <p>Телефондар: редактор 21-7-70, тілшілер 21-7-70 (факс), жауапты хатшы 22-0-57, 40-0-88.</p> <p>Ⓐ Белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.</p>	<p>Газет «Жайық Пресс» медиахолдингіде компьютерлік әдіспен құрылып, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/6</p> <p>Газет аптасына 1 рет шығады Көлемі 2 баспа табақ.</p> <p>Таралымы 1737 дана</p> <p>Корректор: Жазира Жайлауова Дизайнер: Ренат Памирұлы</p>
--	---	---	--

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК, ЖОЛЫ ЕРЕК ТҰЛҒА

Есім Сәрсенұлы Сәрсенов (1910-1985 жж.) Азғыр ауданында (қазіргі Атырау облысында) туған. Е.Сәрсеновтің ұлы Карл Сәрсенов облыстық «Приуралье» газетіне берген сұхбатында: «Есім ағамыз білімге ерекше құштарлығымен көзге түсті: мектепті бітірген соң мұғалімдер институтын тәмамдап, мектепте жұмыс істеді, ал Ұлы Отан соғысы қарсаңында Азғыр бастауыш мектебінің директоры болды. 1940 жылы әскер қатарына шақырылды.

Айдарымызды жалғастыра отырып, келесі Есім Сәрсенов көшесіне арнауды жөн көрдік

1941 жылғы 21 маусымда олардың бөлімін Бресттен Беларусь аумағына «оқуға» деп шығарады. Таңертең жарылыстар басталып, соғыс басталады. Ормандарда адасу, байланыссыздық, батпақта қалған артиллерия – соғыстың ауыр көріністері. Түнде өз танкілері қателесіп, өз артиллеристерін атып жібереді.

Беларусь ормандарында адасып, әскери бөлімдер бытырап кеткен, нақты бұйрықтар жоқ. Өз артиллериялық есептоптарын іздеу барысында ат жегілген артиллерия батпаққа батып қалады. Жартылай ашыққан аттар зеңбіректі тарта алмайды. Орман ішінде, түнде шынжыр табандардың сықыры мен моторлардың гүрілі естіледі. Тура көздеп, зеңбірек пен пулеметтерден артиллеристерді атқылайды. Жараланғандар мен титықтағандардың ыңырысқан дауыстары шығады: «Өзіміз!». Шын мәнінде, бұл түнде қателесіп, өз танкістерін атқылаған артиллериялық есептоп болған. Бұл – әкем айтып берген майдан күндерінің бір ғана көрінісі.

1943 жылы әкем ауыр жараланып, Пятигорск қаласында госпитальға түсті. Мина жарықшағы жамбас сүйегіне кіріп кеткен. Сол «сыймен» өмірінің соңына дейін жүрді, өйткені тот баспайтын темірдің сынығы ағзаға сіңіп кеткенімен, жиі мазалап, әуежайларда тексеруден өткенде қолайсыздық туғызатын.

Әкем соғыс туралы және өзі жайлы айтуды ұнатпайтын. Қытайға ұзақ іссапардан Мәскеуге оралған соң, мен КСРО Қорғаныс министрлігінің Подольск қаласында орналасқан архивтеріне жүгінуді шештім. Міне, не анықтадым:

«Сәрсенов Есім Сарсенович, 1910 ж.т. Әскери шені: лейтенант, кіші политрук.

Марапаттары: Қызыл Жұлдыз ордені; II дәрежелі Отан соғысы ордені; медальдар: «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін» және басқалар».

Түсініктеме: II дәрежелі Отан соғысы ордені 3 жеңіл және 2 ауыр танкті өз бетінше жойғандарға берілген. Бұл жоғары марапат 1942 жылы бекітіліп, әкеме 1985 жылы, соғыс аяқталғаннан кейін бір жылдан астам уақыт өткен соң тапсырылған.

Ауыр жарақаттан кейін әкем демобилизацияланып, туған жеріне оралады. 1944 жылы оны Орал облыстық КПСС комитетінің

нұсқаушысы етіп тағайындайды. 1948-1958 жылдары Жәнібек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істейді. Бұл соғыстан кейінгі қиын жылдар еді. 10 жыл ішінде ол ауданды көптеген көрсеткіштер бойынша облыста алдыңғы орындарға шығарды. Айтуларына, облыс орталығынан шалғай, Ресеймен шекаралас «көлен» үлкен ауданды көтерген. Ол кезде Бөкей ордасы ауданы әлі болмаған. Жәнібекте жұмыс істеген жылдары әкем одақтық және республикалық маңызы бар көптеген мемлекеттік наградаларға (Еңбек Қызыл Ту ордені және т.б.) ие болып, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің 4-шақырылымына депутат болып сайланды. 1958 жылы әкемді Орал қаласына облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне ауыстырды. Ол қала мен облыс үшін көп еңбек сіңірді. Оның бастама-сымен қала халқының бір бөлігін жұмыспен қамтыған телецентр (ликер-арақ зауытының орнына) салынды. Денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік салалардың жұмысы жолға қойылды», – деп мақтанышпен еске алды.

Атап айтқанда, Есім Сәрсеновтің ұлы Карл Сәрсенов – КСРО және Тәуелсіз Қазақстанға белгілі тұлға. Карл Сәрсенов ҚР дипломатиялық дамуына зор үлес қосты. Кеңес Одағы кезеңінде-ақ халықаралық қатынастар саласында тәжірибе жинаған білікті маман ретінде ол Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық аренада қалыптасуына зор үлес қосты.



Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа толыққанды мүше болып енген алғашқы кезеңінде Карл Есімұлы Қытайда, АҚШ-та, кейін Үндістанда қызмет етті. Бұл Қазақстанның тәуелсіздігін әлемнің алпауыт мемлекеттері толық мойындаған уақыт еді. Сол кезеңдердегі оның еңбегі ел басшылығы тарапынан жоғары бағаланды.

К. Сәрсенов 1941 жылдың 4 маусымында Орал облысы, Орда ауылында мұғалім отбасында дүниеге келген. Анасы Аппян Тайгаскаева медициналық училищені тәмамдап, медбике болып еңбек етсе, әкесі Есім Сәрсенов өнердің көрнекті қоғамдық-саяси қайраткері болған. Соғыстан кейін Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің IV шақырылымының депута-



ты болып сайланып, кейін Орал облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Әкесі балаларына қоғамға қызмет етудің үлгісін көрсетті. Сондықтан Карл Сәрсенов 1958 жылы мектепті бітірген соң, өмірін саясатпен байланыстырды. КСРО Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебінде «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша білім алды. Оқуды тәмамдаған соң бірден КСРО СІМ-нің Қиыр Шығыс бөлімінде екінші хатшы, кейін 1980 жылдардың ортасында Қытай Халық Республикасындағы КСРО елшілігінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Оның дипломатиялық қызметі кеңес-қытай қатынастары шиеленіскен күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Соған қарамастан, жас маман өз ісіне жауапкершілікпен қарап, маңызды міндеттерді жоғары деңгейде орындады. Кейін СІМ орталық аппаратында жұмыс істей жүріп, Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі шетелдік өкілдіктердің қызметін үйлестірді. Қытаймен қарым-қатынас әрдайым сыртқы саясаттағы маңызды бағыттардың бірі болды. Сол жылдары дипломаттардың қажырлы еңбегі арқасында мемлекетаралық маңызды мәселелер сабырмен шешіліп отырды. Карл Есімұлы 1980 жылдары Қытай басшылығына Дэн Сяопин келген тұста екіжақты байланыстарды қалыптастыру оңай болмағанын ерекше толғаныспен еске алады.

– Елшіліктегі ғылыми-техникалық бағытқа жауапты болғандықтан, Қытайдың ғылыми-техникалық және зымыран-ядролық әлеуеті назарымда болды, – дейді ол. – Мен сол кезде шамамен бір миллион қазақ тұратын стратегиялық маңызы зор Шыңжаң өңіріне барған алғашқы шетелдік дипломат болдым.

1983 жылы ол Қытайдағы саяси өзгерістер мен кеңес-қытай қатынастары туралы толық апаратты Алматыда КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі Д.Қонаевқа жеке баяндаған. Қызмет барысында ол көптеген танымал тұлғалармен кездескен. Олардың қатарында Кеңес Одағының Батыры Токтар Әубәкіров, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев және басқа да белгілі қайраткерлер бар.

– Ол өзінің білімдарлығымен, іскерлігімен ерекше әсер қалдырды. Сол кездің өзінде саяси оқиғалардың бағытын алдын ала болжай алатын көреген мемлекет қайраткері еді, – дейді К.Сәрсенов.

1992 жылы жазда Карл Есімұлы жұбайымен бірге Алматыға келіп, Қазақстанның тәуелсіздігін қалай жүзеге асырып жатқанын өз көзімен көреді. Сол сапарында ҚР Сыртқы істер министрлігіне барып, жаңа қызметке шақырту алады. Көп ұзамай АҚШ-тағы Қазақстан елшілігіне кеңесші болып жіберіледі.

– 1992 жылы ол ҚР СІМ-ге, маған шұғыл түрде Вашингтонға Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Елшілігіне кеңесші ретінде ұшып бару ұсынылды, – деп әңгімелейді Карл Есімұлы.

Баршамызға белгілі, 90-жылдардың басы – Қазақстанның тәуелсіз әрі егемен мемлекет ретінде халықаралық деңгейде мойындалу кезеңі еді. Америка бағыты Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі саналды және АҚШ секілді алпауыт мемлекетпен тең құқықты қарым-қатынас орнату үшін елеулі күш-жігерді талап етті. 1993 жылы Вашингтонға келген кезде елшілік әлі толық қалыптаспаған еді. Соған қарамастан, ол қызметкерлерді дипломатиялық жұмысқа үйретіп, елшілік жұмысының жолға қойылуына үлкен үлес қосты. 1994 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа алғашқы ресми сапары өтіп, екі ел арасындағы қатынастар жаңа деңгейге көтерілді. Маңызды құжаттарға қол қойылып, Қазақстан халықаралық қауымдастықтағы орнын нығайтты.

1996 жылы К.Сәрсенов Астанаға шақырылып, кейін Үндістанға жіберілді. Ол Қазақстан Президентінің Үндістанға алғашқы сапарын ұйымдастыруға қатысып, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ықпал етті. 2000 жылдың соңында ол Астанаға, кейін Мәскеуге оралып, Ресей Мемлекеттік Думасының халықаралық істер комитетінде жұмыс істеді.

